

КМІКК «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША»

**№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА №3

Откізілетін уақыты: 31 қаңтар 2023 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Дөңгелек үстел»

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы». Педагогтардың кәсіби белсенділіктерін арттыру.

Мақсаты: Жарты жылдық жоспар міндеттемелерінің орындалуы бойынша ұжымның істеген жұмыстарының нәтижесін анықтау

Төрайымы: Мухаметрахимова Ш.А.

Хатшысы: Кулджина Ф.Б.

Қатысқандар – педагог, тәрбиешілер

КҮН ТӘРТІБІ

- 1 №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы- менгеруші: Мухаметрахимова Ш.А.
2. Балабақша медбикесінің жарты жылдық есебі.- медбике: Есжанова М.С.
- 3.Балалардың білім нәтижелерінің мониторинг қорытындысы- әдіскер: Кулджина Ф.Б.
4. Тәрбиешілер мен педагогтардың жарты жылдық есебі.
5. Тренинг психолог: Дарибаева Г.Н.
6. Педкеңестің шешімі

№ 3 педагогикалық кеңесте өтілетін ашық көрсетілімдер

- 1.«Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде ашық көрсетілім» ортаңғы топ «Жұлдыз»
дене шынықтыру нұсқаушысы: Куанбаева С.Б.
- 2.«Музыка дыбыстарын ажыратайық»- Музыка жетекшісі: Тұмарбай А.Е.
ересек топ «Құлпынай»
- 3.«Эмоция әлемі » мектепалды «Ақжелкен» тобы; психолог:Дарибаева Г.Н.

I ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша менгеруші, Шаттық Абишевна үшінші педагогикалық кеңесті ашып, II педагогикалық кеңестің шешімдерінің жүзеге асу барысынан мәлімдеме жасады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың стандартына, оқу үлгілік жоспарына сәйкес іс-әрекеттері қызықты, жаңа бағытта ойын арқылы өтіліп жатқанына тоқталды. Ата-аналармен жұмыстың да жүргізіліп отырғанын, дегенмен ата-анаға баласы туралы ақппарат күнделікті беріп отыруды, күн тәртібін жоспарға сай орындау туралы айтты. Балабақша менгерушісі күнделікті жүргізіліп отырған жұмыстарға, іс- шараларға, жарты жылдық қорытынды, ашық оқу қызметіне жан- жақты жұмыстар атқарылып жатқанының да атап өтті.

ШЕШІМ:

Екінші педагогикалық кеңестегі ескертулер, ұсыныстар жүзеге асырылды деп есептелінсін.

II ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша жарты жылдықта балалардың балабақшага қатысуымен ауруларының қорытындысы туралы медбике: Есжанова М.Е. айтты. Балабақша медбикесі ретінде мен санитарлық-гигиеналық режимді бақылауды жүзеге асырамын және де аурулардың алдын алу мен сауықтыру жөніндегі жұмыстарды жүргіземін. Ауруына байланысты келмеген балалардың күнделікті есебін және сырқаттанғандарды оқшаулаймын. Дер кезінде ата-аналарға хабарлап, олардың дәрігерге барып қаралуына кеңес беремін. Жасы келген балаларды төмендегі күнтізбеге сәйкес профилактикалық егу жұмыстарын қадағалап, дәрігердің тағайындауларын орындаімын.

Балабақшага жақадан қабылданған балаларды №026\у; 063 нысанды медициналық құжаттама бойынша қабылдап, оларды жыл сайын медициналық қаралуын қадағалап, тиісті есепке алу, есеп беру құжаттамасын жүргіземін:

- жұқпалы ауруларды есепке алу;
- соматикалық сырқаттану;
- асқынған жұқпалы аурулармен байланысты есепке алу;
- карантинді есепке алу;
- профилактикалық егулерді есепке алу;
- кабинеттерді, топтарды кварцтау;
- тоңазытқыш жабдықтары т-лық режимін есепке алу;
- паразитарлық ауруларды қоздырғыштарды тіркеу;
- гельментке тіркеу;
- педикулезге, қышымага және дерматитке тіркеу;
- терендетілген профилактикалық медициналық тексерулер;
- балаларды диспансерлік есепке алу;
- ауыз қуысы санациясы;
- профилактикалық егулермен қамту;
- диспансерлік бақылау;
- «Перспективалы мәзір» папкасы;
- дайын өнімді сараптау журналы;
- «С» дәрумендеу журналы;
- ас бологы қызметкерлерінің тексеру журналы;
- ас блогына келіп түсетін тез бұзылатын азық-түліктердің сапасын бақылау;
- килокалорияларды есептеу журналы;
- балалардың күнделікті келуін есепке алу журналы;
- балалардың денсаулық төлкүжаты;
- қызметкерлердің денсаулық төлкүжаты;
- бүйрықтар мен нұсқаулар.

Сондай-ақ диетбике ретінде күнделікті мәзір, ас дайындау сапасын қадағалап, күн сайын дайын тағамның татымын байқаймын. Күнделікті СЭС талаптарына сәйкес тамақты 24 сағатқа сактауға қоямын.

Топтардың тамақ алу кестесінің орындалуын қадағалап, күнделікті аралау жұмыстарын жүргіземін.

Балалардың дұрыс тамақтанып, өсіп жетілуі үшін ағзага май, ақуыз, көмірсулар қажет.

Майда 1 молекулада 9 ккал.

Белокта 1 молекулада 4 ккал.

Көмірсуда 1 малекулада 4 ккал. бар.

Май-балалардың жақсы өсуіне әсері көп. Оның ішінде күрделі эфир, глицерин және де карбон қышқылдары бар. Көмірсу көбіне сары май, өсімдік майы, қаймақта, зәйтүн майы сияқты азық-тұліктарде көптеп болады.

Ақуыз (углевод)-балалардың өсуіне ең жоғарғы азот қосылған биополимеры тірі амиокислоттан құралған. Ет, балық, жұмыртқа, ірімшік, сүт тағамдарында болады. Көмірсу-балаларға күш қуат береді. Оның құрамында алдегиид және кетоспирттар болады. Қант, күріш, тары, қаракұмық, дәнді дақылдарда, көкөністер мен жемістерде кездеседі.

Сондықтан да балаларға СЭС бойынша 10 күндей мәзір жасалынады.

Балалар -біздің болашағымыз. Олардың өсіп жетілуіне жан-жақты көңіл бөлінгені дұрыс, деп медбике сезін аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Тәрбиеші: Бугенбаева Г.Ж. Топты талапқа сай желдетіп, кварц қосып отырамыз, балаларды күнделікті екі рет таза ауага серуенге шыгарамыз. Менің тобымда көп ауырган бала болған жок.

2. Әдіскер: Кулджина Ф.Б. баланың денсаулығын арттыруда баланың жас ерекшелігіне байланысты әр түрлі спорттық ойындар өткізілді. Атап айтсақ, «Қыс қызығы», «Спорттық сыйыстар» өткізілді.

ШЕШІМ:

1. Медбике есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері: Кулджина Ф.Б. сез алды.

Балалардың білім деңгейі көрсеткішіне тоқталсам, барлық топта жазалып, өткізілді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың биылғы оку жылындағы жаң өзгертілген эксел формасында жасалды. Әдеттегідей жылдың басында, ортасында және аяғында жүргізіледі:

- бастапқы – 1-10 қыркүйек;
- аралық – 10-20 қаңтар;
- қорытынды – 15-25 мамыр.

Әдіскер слайдтан көрсетіп балалардың білім көрсеткіші аралық – 10-20 қаңтар бойынша жалпы балабақшалық есеп берді:

«Күншуақ» – 22%, 46%, 32%
«Балапан» - 31%, 48%, 2 1%
«Жұлдыз» - 20%, 55%, 25%
«Құлпынай» - 21%, 54%, 25%
«Ақжелкен» 22%, 63%, 15%
«Ақбота» 22%, 62%, 16%

Пайызды көрсетті. Сонымен қатар баланың жеке даму картасы толтырылып, деңгейі төмен балалармен қандай жұмыстар жүргіzetінін тәрбиешілер анықтап көрсетті.

ШЕШІМ:

1. Мониторинг бойынша білім көрсеткіш деңгейі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілер мен педагогтардың жарты жылдық есебі тыңдалды. Әр топ тәрбиешілері жарты жылдық есеп берді. Өз топтарында атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Жыл бойына балалармен ұйымдастырылған іс-шаралардың барлығымен таныстырылды. Бекітіліп берілген жоспарға сәйкес «Алтын күз» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Желтоқсан айында «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында мектепалды топтарында ертеңгілік, қалған топтарда тақырыптық іс-әрекет өткізілді. «Қош келдің, Жаңа жыл» жаңа жылдық мереке ұйымдастырылды. Балалардың жалпы даму келдің, Жаңа жыл» жаңа жылдық мереке ұйымдастырылды. Балалардың жалпы даму көрсеткіші қырқүйек айымен салыстырганда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдері туралы айта алады. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап, тәрбиешінің тәрбиешінің қимылын орындай алады. Геометриялық пішіндерді атай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге мәнерлеп жаттай алады. Қомекті қажет ететін балаларға жекелей келу тәрбиеші тарапынан көрсетіледі. Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз жастарына сай. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға талап бойынша жауап бере алады. Білім беру стандартына сәйкес балалар оқытылып, қорытынды тоқсан нәтижелерін он нәтижеге жеткізуге жылдық міндет бойынша іске асырылады. Сондай-ақ музика жетекшісі мен денсаулық нұсқаушысының, психолог мамандардың есебі тыңдалды. Барлық педагог, тәрбиешілер түрлі ойындармен жалғастыруды. Қазіргі заман талабына сай жаңа форматтағы ойындар ойнатылып, іс –тәжірибемен бөлісті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Балабакша әдіскері жылдық жоспардағы берілген іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, көрмелер, спорттық ойындар, жарыстар талапқа сай өтілді.

ШЕШІМ:

1. Тәрбиешілер мен педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

V. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабакша психологи педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтармен «Мен өзіме сенемін» тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: Өзі туралы ойын ашық айту. Дұрыс уақыт пен орынды тандаңдау. Өз пікірін білдіруге дағылану.

Шарты:

Қазір біз ең мықты жарнамалық жобага байқау өткіземіз. Сіздердің әрқайсыларыңыз өзіне жарнама жасау қажет. Қағаз бетіне өздеріңізді сипаттайтын сурет, бейне және кішігірім мәтіннен тұратын өздеріңіздің жарнамалық жобаларыңызды жазасыздар. Өздеріңізді мақтаудан ұялмаңыздар, өздеріңіздің қандай ақылды, әдемі және т.с.с. қасиеттеріңізді айтып мактандыздар. Естеріңізде болсын: ең әдемі, ең сенімді, ең тиімді жарнамалаган автордың жарнамалық жобасы жеңіске жетеді. Аяқтап болған соң, әр қатысушы өз жобасымен таныстырады, топтың сұрақтарына жауап береді. Кейін барлық қатысушылар ең қызықты әрі ең мықты жарнамалық жобага дауыс беру арқылы таңдайды

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші: Қаппар С.С. сөз алып өз ойын айтты. Психолог тренингі маған жақсы әсер етті, негізі тұйық едім, бүтін бір ашылғандай болды. Тренинг маған ұнады. Жалпы психологтың балалармен де жұмысы өте қызықты, сізге еңбегіңізге табыс тілеймін,- дед сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

1. Психолог тренингі жалғасын тапсын

VI. ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша педагогикалық кеңес шешімі қабылданды.

№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ ШЕШІМІ:

Откізілетін уақыты: 31.01.2023 жыл

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы» .Педагогтардың кәсіби белсенділіктерін арттыру.

Мақсаты: Жарты жылдық жоспар міндеттемелерінің орындалуы бойынша ұжымның істеген жұмыстарының нәтижесін анықтау

1. № 2 педагогикалық кеңестің шешімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін. Ескертулер түзетіліп, орындалсын.

Мерзімі: 04.02.2023 жыл

Жауаптылар: әдіскер, педагогтар.

2. Медбикенің жарты жылдық есеп қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

3. Балалардың білім нәтижелерінің мониторинг қорытындысы қанағаттанарлақ деп есептелсін. Жас мамандарға көмек көрсетілсін.

Мерзімі: 1- апта

Жауапты: әдіскер

4. Тәрбиешілер мен педагогтардың жарты жылдық есебінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: әдіскер

5. Психолог тренингі жалғасын тапсын

6. Педагогикалық кеңестің шешімі бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Мухаметрахимова Ш.А.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Кулджена F.Б.

